

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№465

2019 жылғы 20 қыркүйек

**№26 Темір сайлау округінен депутат
С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы
туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 21-1-бабына, облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 1 наурыздағы №397 шешімімен бекітілген Ақтөбе облыстық мәслихаты Регламентінің 4 Тарауына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімі О.С.Оразалиннің және жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы М.Е.Ибрашевтің атына жолданған, №26 Темір сайлау округінен депутат С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабымен белгіленген мерзімде жауап ұсынуы үшін, «Ақтөбе облыстық мәслихатының аппараты» ММ (Т.В.Айтқалиев) депутаттық сауалды үш күндік мерзім ішінде жолдасын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. БОЛАТОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА